

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ № 1**

02.09.2022ж

**Қаралатын мәселе**

1. Балалардың балабақшаға қатысуы
2. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Балабақша тәрбиешісіне қойылатын талаптар мен міндеттер.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна жаңа оқу жылынан қызметкерлерді құттықтады. Биылғы жылы 2 топ бөбекжай ондағы бала саны 40, 6 топ бақша ондағы бала саны 100 екенін айта келе, баланың өмірі мен денсаулығына өте жауапкершілікпен қарау керектігін атап айтты. Медбике Игиликова А.Б таңертеңгі қабылдауға өзі қатысатынын, әрдайым ауырған балаларды қарап жүретінін айтты. Тәрбиешілерге балабақшаға баланың келмеу себептерін дер кезінде анықтауларын, ауырған баланың анықтама әкелулерін талап етуді тапсырды.

Меңгерушінің шаруа жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д сөз алды: биылғы құрылыс материалына бөлінген қаржы толығымен игеріліп жөндеу, әрлеу жұмыстарының жүргізілуінің атап айтты. Барлық топ, дәліздер, бөлмелер, асхана әктелініп, сырланғанын және сыртқы ойын алаңдарының әктеліп, сырланғанын айтты. Жаңа оқу жылына қажетті көрнекіліктер алынғанын, топтарға ойыншық алынғанын мәлімдеді.

Келесі кезекте балабақша әдіскері Гулжан Пернебаевнасөйледі: Құрметті әріптестер, біздің басты міндетіміз баланы дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз ету. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі – жас ұрпақ тәрбиесінде оң әсерін береді. Өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сондықтан ең алдымен тәрбиеші өзінің жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек.

Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі – педагогтік әдепті игеру, ықыласпен еңбек ету, кәсіби шеберлікті үнемі тыңдап отыру деді. Осыдан кейін педагогтер «Мен кімін?» деген сауалға жауап берді.

### **ШЕШІМІ:**

1. Күнделікті баланың балабақшаға қатысуын бақылау медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
2. Балабақшаның техникалық базасын толықтырып отыру есепші Еркін А.Е жүктелсін.
3. Балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізу тәрбиешілерге жүктелсін.



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менігерушісі: *С. Мус* Сыздықбекова Ж.С

**Хатшы:**

**Үсенова С.М**

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы**  
**ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2**

**07.11.2022 ж**

**Қаралатын мәселе:**

1. Балалардың тамақтандырылуын ұйымдастырудағы қойылатын талаптардың орындалу жағдайы.
2. Қысқа дайындық жұмыстарын қорытындылау, топтарда жылу температурасының сақталу жағдайы.
3. Тұмаудың алдын-алу бойынша іс-шаралардың қорытындысы.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна сөз алды, қызметкерлерге «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» объектілеріне қойылатын санитарлық –эпидемиологиялық талаптарының жалпы ережелерін айтып шықты.

Асханадағы бүгінгі таңдағы жағдайын айта келе былай деді. Асханадағы шикі және дайын өнімдер талапқа сай бөлек сақталады. «Тауар көршілестігі» сақталған, ыстық су, мұздай су қамтамасыз етілген. Тақтайлар мен пышықтарды, кастрөлкелерді қайта таңбалауды қажет ететінін атап айтты.

Аспазшыға қатаң тапсырды және де балаларды тамақтандыру кесте бойынша топтарға жүзеге асырылуын жүктеді.

Екінші сұрақ бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д кіші қазандық тексеруден өткізіліп, сақталатын орын әктеліп, сырланғанын, жылу мерзіміне 100 пайыз дайын екендігін мәлімдеді. Топтағы батареяларға маевский ауыстырылғанын , батарея беттері жабылғандығын мәлімдеді. Барлық топта жылу температурасы 22 – 23 градус көрсетіп тұрғандығын айтты. Топтарда жылу жүйесінен ақау болған кезде дереу хабардар етуді ескертті.

Медбике Игиликова А.Б балабақшада тұмауды алдын-алу бойынша жүргізілген іс-шараларды қорытындылады. Таңертең балаларды қабылдауға қатысқандығын , кесте бойынша кварц қойылғандығын барлық қауіпсіздік ережелері сақталғандығын айтып шықты. Қызметкерлер, ата-аналар

маскалық тәртіпті сақтағандығын , түсіндірме жұмыстарын жүргізгендігін айтты.

Ауырған балаларды анықтамамен қабылдауды және қызуы бар балаларды тексеріп қайтарып отырғандығын мәлімдеді.

### ШЕШІМІ:

1. Асханада шикі және дайын өнімдерді бөлшектеу таңба мүккәмәлі қайта жасалуының орындалуын қадағалау Жупаркуль Саттаровна жүктелсін.
2. Тамақ өнімдерін сақтаған кезде «тауар көршілестігі» қағидасын қатаң сақтау үнемі назарға алынсын.
3. Топтарда жылу температурасы жоғары деңгейде сақталуын қадағалау меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жүктелсін.
4. Ғимараттағы, топтардағы жылу жүйелері құбырларының жарамдылығын бақылауға алу ғимарат жұмысшысына жүктелсін.
5. Балаларды сауықтыру іс-шараларын жалғастыру медбике Игиликова А.Б жүктелсін.



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі:

Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3**

06.01.2023ж

**Қаралатын мәселе:**

1. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастырудағы қойылатын талаптардың орындалу жағдайы.
2. Барлық топ бойынша ойын-сауық өткізу қорытындысы.
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы.

Балабақша меңгерушісі Жупаркуль Саттаровна балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталатынын айтты.

Балабақшада перспективалы маусымдық (қыс-көктем, жаз-күз) екі апталық ас мәзірі жасалады. Мәзір жасауда аймақта өндірілген отандық өнімдердің ассортименті ескеріледі. Балаларды тамақтандыру рационсында витаминдік-минералдық кешенмен байытылған өнімдер көзделеді деді.

Аспазшы: балабақшаға әкелінетін тамақ өнімдері мен азық-түлікті брокероуж журналына жазып отырамын. Олардың сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды уақтылы тексеріп алатынын айтты.

Келесі сұрақ бойынша әдіскер Гулжан Пернебаевна барлық топта ойын-сауық ұйымдастырылып, таза ауада ата-аналармен бірге өткізілгенін мәлімдеді. Қорытындылай келе барлық кезеңде ойын-сауық өткізіліп тұруын тапсырды.

Келесі сұрақ бойынша медбике Игиликова А.Б балалар травматизмін болдырмау бойынша жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Электр шәйнектердің барлық топта тұрғанын, тыйым салынсада қайталанып отырғанын айтты.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна барлық электр шәйнектерін меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жинап алуды тапсырды. Және қайнаған суды асханадан алуларын ұсынды.

### ШЕШІМІ :

1. Балабақшаға әкелінетін азық-түліктің сапасын куәландыратын құжаттарды уақытылы тексеріп алу аспазшыға жүктелсін.
2. Күн тәртібі бойынша уақытылы балаларды серуенге шығару тәрбиешіге жүктелсін.
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізу меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

ЖНПС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі:



Хатшы:

Сыздықбекова Ж.С

Үсенова С.М

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4**

12.03.2023ж

**Қаралатын мәселе:**

1. Балабақшаны ағымдағы жөндеуден өткізуге дайындық жұмыстары.
2. Балаларды мектепке жан-жақты дайындығын тексеру қорытындысы.
3. Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындарды пайдалану деңгейі.

Бірінші сұрақ бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д сөз алды. Құрметті қызметтестер биылғы жылға құрылыс материалдарын қаржы бөлінді. Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна екеуіміз барлық топты аралап шықтық. «Эрудит» тобының линолиумы тозып кеткен, сондықтан осы топқа линолиум аламыз. Қалған қаржы әк, сырға кетеді деді. Сэстің қорытындысы бойынша қоқыс салынатын екі қақпағы бар контейнерге 166,0 мың теңгеге және барлық топқа бала денсаулығын сақтау мақсатында батарея беттерін жауып тұратын қорғағыш экранға 1286,0 мың теңгеге порталға жарияланғанын мәлімдеймін деді. Барлық топтар , кабинеттер , дәліздер, асхана іші әктеліп, сырлану жұмыстары жоспарланған кесте бойынша іске асырылады деді.

Келесі сұрақ бойынша әдіскер Гулжан Пернебаевна мектеп алды топтарының балаларының қай мектепке баратыны белгілі және жан-жақты дайын екендерін мәлімдеді. Ән жетекшісі Раева А.А «Қош бол-балабақша» атты ертеңгілік сценариін бекітуге берді.

Келесі сұрақ бойынша балабақша тәрбиешісі Рысбекова Л.И сөз алды. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын , өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет –ойын. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы сөздік ойын. Ойын бала тілі дамуына жол ашады. Ойын тапсырмаларын таңдауда және іріктеуде балалардың жас ерекшелігі мен жеке ерекшелігін ескеруіміз керек. Сөздік ойында сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз

мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйретеміз. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Бір сөзбен ата», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Мақалды жалғастыр» осындай ойындар баланың сөздік қорын дамытады деді.

### ШЕШІМІ:

1. Түзілген жоспар бойынша балабақшаны ағымдағы жөндеуден сапалы өткізу және барлық қажетті құрылыс материалдарын порталға ілу меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жүктелсін.
2. Мектеп алды тобының балаларын балабақшамен қоштасу ертеңгілігін өткізу ұйымдастырылсын. Залды безендіру ән жетекшісі Раева А.А жүктелсін.
3. Серуен кезінде ойын ұйымдастыру және қажетті құрылыс материалдарын алып шығу тәрбиешілерге жүктелсін.



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М



**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы**  
**ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5**

**05.05.2023жыл**

**Қаралатын мәселе:**

1. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.
2. Жазғы сауықтыру кезіндегі балалар денсаулығын нығайту.
3. Жаз кезінде азық-түліктердің сапасы мен алуан түрлілігін, дәрумендігін ұйымдастыру.
4. Іш ауруларын алдын алу.
5. Балабақшаны ағымдағы жөндеуден өткізу.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна тәрбиешілердің жазғы сауықтыру іс-шараларын бекітіп берді. Балабақша мейірбикесі Игиликова А.Б балаларға күн, ауа және судың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік беріп, денені шынықтырудың адам денсаулығына тигізер әсері жөнінде мағлұмат берілгені жайлы айтты.

Қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстану ең басты мәселелердің бірі. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, парасатты, дені сау азамат өсіру отбасының, балабақшаның, жалпы халықтың қасиетті борышы екені баршамызға аян. Балабақшамыздың да негізгі мақсаты болашақта жас ұрпақты халқына қалаулы, ата-ананың мақтанышы, дені сау, сымбатты, шыныққан адамгершілігі мол азамат етіп өсіріп, тәрбиелеу. Соның бір айғағы осы балабақшада өткізіп жатқан сауықтыру шаралары болып табылады деді.

Аспазшы жаз кезінде азық-түліктердің сапасы мен алуан түрлілігін, дәрумендігін қадағалап отырғандығын айта келе қызанақта, айранда А-дәрумені болатындығын ол балалардың көздерінің жақсы көруіне, күш-қуат беретіндігін, ал картопта, ас бұршақта, сиыр етінде, нан өнімдерінде В-дәрумені болатынын баланың жүйке жолдарын, қан айналымдарын күшейтетінін, ал D-дәрумені жұмыртқада, сүт тағамдарында яғни ірімшікте, қаймақта болатынын бала сүйектерінің жақсы қататынын, С-дәрумені орамжапырақта, алмада, алмұртта болатынын оны жеп өскен балада микроб болмайтынын айтып өтті.

Тәрбиешілердің балаларға дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайлы түсінік берулеріне ұсыныс айтты.

Іш аурулардың алдын алу мақсатында тәрбиешілермен, ата-аналармен кеңес өткізгендігін айтты. Жазғы уақытта ерте қауын, қарбызды балаларға бермеуді, жеміс-жидекті жуып беруді, балаға тек қайнаған су берулерін тағы айтып өтті.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна балабақшаны ағымдағы жөндеу жұмыстарының іс-шарасымен таныстырды. Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д топтарды аралап қандай құрылыс материалдары қажет екенін анықтауды жүктеді. Жаңадан қоқыс салғыш жасатуға тапсырыс беруді ұсынды.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын жүргізу.
2. Асханаға әкелінетін азық-түліктің сапасын қадағалау аспазшыға жүктелсін.
3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. Қауіптік техникалық ережені қатаң қадағалау, барлық қызметкермен нұсқаулық жүргізу меңгерушінің шаруа жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жүктелсін.



**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Хатшы:**

**Үсенова С.М**